

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының
білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын

Ертеңгілік

«Айналайын» ересек топ

«Берекелі күз, мерекелі күз!»

Тәрбиешілер: Ж. Жұмағұлова
Ә. Жаназарова

Талапты ауылы
2023-2024 оку жылы

Тексерілді: 
Әдісбер А Наденова

«Берекелі күз, мерекелі күз!»

Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді түсіндіру. Балалардың шығармашылық, қызығушылық қабілеттерін арттырып, үйимшылдықта, достықта, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Барысы:

Зал мерекеге сай безендірілген.

Жүргізуши: Армысыздар, халайық,
Бармысыздар, халайық!
Күзгі тойды жұп жазбай,
Бірге қарсы алаіық!

Сәлеметсіздерме, құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «Берекелі күз, мерекелі күз!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға «Қошақан» ересек тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар!

Әсем музыка ырғағымен балалар залға кіреді. Өз орындықтарына жайғасады.)

Балалар біз бүгін мынадай әсем залға қай мерекені қарсы алуға келдік?

«Алтын күз» мерекесін.

Олай болса балалар «Алтын күз» мерекесіне арнап «Күз тамаша» әнін орындаңық.

Ән: «Күз тамаша»

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты. Ол кім болды екен?

Күз ханшайымы: Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алындар
Сыйлығына қанындар.
Молшылықта кенеліп,
Шаттық әнге салындар.

Жүргізуши: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз ханшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1. Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. (**Жеміс**)

2. Ашулы қонақ бұл анық,

Тонып шешсе жыладық. (**Пияз**)

3. Өсірер тың дала,

Көшірер қамбаға.

Айналар ұнға да

Айналар нанға да. (**Бидай**)

4. Сырты қатты,

Іші тәтті. (**Қарбыз**)

5. Өсірдім ұлпа қар,

Шешуін кім табар. (**Мақта**)

Жүргізуші: Күз ханшайымы, біздің балалар, күз туралы тақпақтар біледі.

Мирас:

Келді міне күз!

Айнала сары тұс.

Керемет тамаша

Қандай әсем күз!

Айлин:

Алтын сары, қызыл, көк.

Алуан-алуан жапырак,

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атырап.

Айсар:

Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға

Шақырады біздерді.

Адина:

Күз келді, алақай!

Алтын келді далаға,

Дәні биік бидайды.

Құйып жатыр қамбаға.

Айсұлтан:

Сап-сары маңай,

Сап – сары тоғай.

Соңғы әнін айтып.

Құс кетті қайтып.

Аят:

Біз кішкентай балдырған.

Сескенбейміз жаңбырдан,

Төбемізде қол шатыр,

Алдымызда жол жатыр.

Жанерке:

Сарғайды тоғай,

Сап – сары маңай,

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Арсен:

Айнала жым-жырт,

Көк аспан сұрғылт.

Жер жыртқан тында,

Трактор қырда.

Медина :

Жапырақ ұшты,

Суықта та тұсті,

Сонда да бізге,

Қызық көп күзде.

Сәлім:

Алтын сары, қызыл, көк.
Алуан-алуан жапырақ,
Күзгі бақта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Алима:

Келді міне күз!
Айнала сары тұс
Керемет, тамаша
Қандай әсем күз!

Жанайым:

Күзім-ау, Күзім –ау,
Мінезін бұзық – ау.
Жаңбырын сіркіреп,
Келгенің қызық-ау.

Ералы:

Сап-сары ғып даланы,
Бояпты ғой күз деген.
Құстар қанат қағады
Қоштасқандай бізбенен.

Жүргізуши: Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Тамшылар биі»

Күз ханшайымы: Балалар, мен сендерге сұрақ қоямын, сендер жауап беріндер.
С: Көкөністер қайда өседі?

Ж: Балалар: Бақшада.

С: Жемістер ше?

Ж: Балалар: Бауда.

Тәрбиеші: Балаларымыз ендігі кезекте кекөністердің қандай пайдасы бар екенін сіздерге айтып береді.

Күзде өздері пісетін, тамаққа кеп түсетін,
Мақтанбақшы сіздерге кекөністер сан түрлі.

Көрініс: «Кекөністер дауы»

Ханшайым (қияр):

Дәмім тілді үйірген,
Мен тұздалған күймде.
Жаңа піскен кезімде,
Жейді бәрі сүйсіне.

Айым (картоп):

Мен ұялшық картоппын,
Мен емесепін мақтанар,
Мені жақсы көреді,
Үлкендермен балалар.

Айкербез (Ас бұршағы):

Кішкене түймедеймін мен,
Ұнаймын және бәріне,
Дәмді салаттарыммен,
Сый жасаймын бәріңе.

Елназ (пияз):

Боламын мен демеуіш,
Барлық- барлық тағамға.
Көкөністер ішінен,
Мен пайдалы адамға.

Загипа(сәбіз):

Кім бар сәбіз шырынын,
Жастайынынан ішпеген.
Мені жеген адамдар,
Кем болмайды күшке де.

Маржан: (шалқан)

Кім білмейді шалқанды,
Дәмімді татып таң қалды.
Бәріне сый боламын,
Тауып көр менен дарқанды.

Айзере(қырыққабат):

Мақтанғаннан не пайда?
Менсіз дәмді щи қайда.
Мені қосса самсаға.
Жейді бәрі тамсана.

(қызанак):

Піскен кезде қызанак,
Көз тартар қызыл түсімен.
Барма адам сүйсінбей,
Томат шырынын ішпеген

Шахсанам (Қызылша)

Мен де бір сөз айтайын,
Мақтанайын сіздерге
Менсіз борщ болмайды,
Винегрет те үстелге.

(медбике):

Көкөністер бәрі де ,
Денсаулықта пайдалы.
Мұны жатқа біліндер,
Оларды жақсы көріндер.
Жүргізуши: Бұлдіршінмен бәріміз,
Отбасындей бір ұямыз
Береміз ендеше
Би өнеріне кезегін.
Ортада бір топ бұлдіршіндерімізді қошеметтеп қарсы алайық.

«Қолшатыр» биін бұлдіршіндердің орындаудында қабыл алыңыздар

Би: «Қолшатыр» би

Күз ханшайымы: Балалар сендер барлықтарын өнерлі екенсіндер!

Тәрбиеші: Күз ханшайымы біздің балалардың мерекеге арнаған көрінісін тамашаланыз.

Көрініс «Шалқан» ертегісі.

Жүргізуші: Келді міне алтын күз, сары шашты жарқын жұз.

Мол өнімді ісімен, таңдандырып халқын күз.

Бұлдіршіндеріміздің орындауында «Күн сұытты далада» әнің қабыл алыныздар!

Тәрбиеші: Күз ханшайымы балалардың өнері ұнадыма?

Күз ханшайымы: Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, сау болып тұрындар! Келесі кездескенше аманшылық болсын!

Жүргізуші: Күз ханшайымының сыйы-жемістерден дәм тататын кез келген сияқты, тобымызға баруға жиналайық.

Құрметті қонақтар, бүгінгі «**Берекелі күз, мерекелі күз!**»-атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз.

«Берекелі бақ дәulet, арта түссін тойланып

Сау болындар қонақтар, келгенше жыл айналып.»





